

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2013 жылға арналған жоспары туралы" 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1778 және "50 жастан асқан адамдарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің кешенді жоспарын (50 + бастамасы) бекіту туралы" 2013 жылғы 14 мамырдағы № 478 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 8 қазандағы № 1065 қаулысы
БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2013 жылға арналған жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1778 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 7 , 165 - қ ұ ж а т) :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2013 жылға арналған жоспарында: реттік нөмірі 51-жол алынып тасталсын;

2) «50 жастан асқан адамдарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің кешенді жоспарын (50 + бастамасы) бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 14 мамырдағы № 478 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген 50 жастан асқан адамдарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің кешенді жоспарында (50 + бастамасы): реттік нөмірі 10-жол алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі *С. Ахметов*